

Кімге: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты ЕСБЕРГЕН РАУШАН ӘКІМГЕРЕЙҚЫЗЫНА
Автордың аты- жөні және лауазымы: Қобда ауданы Сарбұлақ ауылдық округ әкімі Сәрсенғалиев Дәулет Сәрсенғалиұлы
Күні: 19.11.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы : Ауылдық округте өрт сөндіру жасағын құру.

Кілт сөздері : өрт қауіпсіздігі, өрт жасағы

Кіріспе: Ауылдық округте өрт сөндіру жасағын құру — бұл ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрттің салдарынан болатын материалдық шығындарды азайту және адам өмірін қорғау үшін маңызды қадам. Өрт қауіпсіздігі мәселесі қазіргі таңда кез келген елді мекен үшін ерекше мәнге ие. Ауылдық жерлерде өрттердің жиі орын алуы, олардың көбінесе ұзақ уақытқа созылуы мен өтетін жерде өрт сөндіру қызметтерінің жеткіліксіздігі, тұрғындардың уақытында көмек алу мүмкіндігінің шектелуі сияқты мәселелерді ескере отырып, өрт сөндіру жасағын құру міндеті аса өзекті болып отыр. Бұл жасағын құру тек қана өрт сөндіру қызметінің жұмысын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен төтенше жағдайларға дайын болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өрт сөндіру жасағының тиімді жұмыс істеуі үшін оған қажетті техникалық құрал-жабдықтар, тәжірибелі мамандар және тұрақты оқу-жаттығулар қажет. Ауылдық округте өрт сөндіру жасағын құру — бұл ауылдық аймақтардың қауіпсіздігін арттырудың, тұрғындар мен олардың мүлкінің қорғалуының негізі.

Негізгі бөлім: Ауылдық округтерде өрт шығу ықтималдығы жоғары болғанымен, өрт сөндіру қызметтерінің жағдайы қаладағыдай жақсы емес. Бірқатар ауылдарда өртке қарсы техника мен мамандардың жетіспеушілігі байқалады, ал өрт сөндіру станцияларының жоқтығы немесе алыс орналасуы өрт сөндірудің уақытында әрі тиімді жүргізілуін қиындатады. Бұдан бөлек, ауылдық жерлердегі тұрғындардың өрт қауіпсіздігі туралы білімі, өрт сөндіру құралдарын қолдану дағдылары да төмен болуы мүмкін. Ауылдық округте өрт жасағы жоқтығына байланысты мемлекеттік мекеменің кіші қызметкерлері ерікті өрт сөндірушілер қызметін атқарады. Біріншіден, ерікті өрт сөндірушілерге жалақы төленбейді. Екіншіден, кәсіби даярлығы және тез әрекет ету жылдамдығы жоқ. Үшіншіден, ерікті өрт сөндірушілерге өрт сөндіру барысында, зардап шеккен жағдайда жауапкершілікті алатын құзырлы орган жоқ. Бұл жағдай ауылдық округте өрт жасағын ұйымдастырудың қажеттігін көрсетеді.



Өртті сөндіру бойынша іс-қимылдар өрт туралы хабар алу сәтінен басталады және бөлімшенің тұрақты орналасу орнына оралуы, кезекші қарауылды және автомобильдерге әзірлікке келтіру уақытында яқталды деп саналады және оған:

- шақыруларды қабылдау және өңдеу;
- шақыру орнына (өрт) шығу және бару;
- өртті барлау;
- адамдар мен мүлікті құтқару, эвакуациялау;
- күштер мен құралдарды өрістету;
- жануды оқшаулау және жою;

төтенше жағдайларды жою кезінде арнайы, авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды (бұдан әрі – кезек күттірмейтін жұмыстар) орындау;

бөлімшеге жинау және келу.

Сумен өрт сөндіру қондырғылары біздің Республикамызда да, шет елдерде де кеңінен таралған. Олар қарапайым құрылысымен және қызмет көрсету ыңғайлылығымен өте тиімді. Бұл қондырғыларды ұзақ уақыт эксплуатациялау тәжірибесі көрсеткеніндей, олар өртке қарсы қорғаудың ең сенімді және тиімді техникалық құралдары болып табылады. Олар өрт сөндіретін автоматты қондырғыларымен жарақтандырылған нысандарда пайда болған өрттердің 96%-ын сөндіруде және локализациялауда тиімді болып табылған.

Қорытынды: Ауылдық округте өрт жасағын ұйымдастыру — бұл төтенше жағдайларда азаматтардың өмірі мен мүлкін қорғаудың маңызды қадамы. Өрт қауіпсіздігіне қатысты шаралар мен дайындықтарды жетілдіру арқылы біз ауылдық жерлерде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз. Өрт жасағының құрылымы мен жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мүшенің міндеті нақты белгіленіп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі қажет. Сондай-ақ, ауыл тұрғындарын өрт қауіпсіздігі бойынша үнемі ақпараттандыру, алдын алу жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Өрт жасағының кәсіби дайындығы, техникалық құралдардың сапасы мен жұмысын тиімді ұйымдастыру — осы саладағы жұмысымыздың негізгі басымдығы болуы тиіс. Қорыта айтқанда, ауылдық округте өрт жасағын ұйымдастыру — бұл тек төтенше жағдайларға дайын

болу ғана емес, сонымен қатар ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін арттыруға, апаттардың алдын алуға бағытталған маңызды қадам.

Ұсыныстар:

1. Жедел әрекет ету: Өрт жасағының ұйымдастырылуы өрт жағдайында жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Өрт шыққан жағдайда, өрт сөндіру қызметі уақытында жетпесе, жергілікті өрт жасағы бірінші болып әрекет етіп, өрттің алдын алуға немесе оны сөндіруге көмектеседі. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды.

2. Өрт қауіпсіздігін арттыру: Өрт жасағы тек өртті сөндірумен ғана емес, сондай-ақ алдын алу шараларын жүргізумен де айналысады. Ауыл тұрғындарына өрт қауіпсіздігі туралы кеңестер беру, өрт шығу мүмкіндігін төмендететін іс-шаралар ұйымдастыру арқылы өрттің алдын алу шараларын күшейтуге болады.

3. Құтқару және көмек көрсету: Өрт кезінде адамдарды құтқару, үй-жайларды қорғау, мал-жанды сақтап қалу мәселелері туындайды. Өрт жасағы осы жұмыстарды ұйымдастырып, зардап шеккендерге көмек көрсетуге дайын болады. Бұл ауылдық жерлерде құтқару жұмыстарының тиімділігін арттырады.

4. Резервтік күшті қамтамасыз ету: Өрт жасағы ауылдық округтерде қосымша резервтік күш ретінде жұмыс істейді. Ауылдың тұрғындары мен басқа да қызметтер арасында үйлесімді жұмыс жүргізу арқылы өртке қарсы күрес тиімділігін арттыруға болады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

Щеткалы Н., Иванов О.В., Клепо Е.А. және басқалары. Өрт тәуекелі (Теория негіздері): Монография. - М.: Ресей Төтенше жағдайлар министрлігінің академиясы, 2015. - 65 б.

Өрт қауіпсіздігі: оқулық. нұсқаулық / Н. Щетлинский және басқалар. М.: Ресей Төтенше жағдайлар министрлігінің академиясы, 2016. - 66 б.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік стандарттар / Қазақстан Республикасы Ережелерінің кодексі. Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және дамыту. SP KN 3.01-101-2013.

«Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 қаңтардағы Заңы. № 188 // «Параграф» АТР.

Өрт қауіпсіздігі: оқулықтар / В.А. Пучков, Ш. Дагиров, А.В. Агафонов және басқалар; Жалпы астында. Ред. В.А. Пучкова. - М.: Ресей Төтенше жағдайлар министрлігінің ГПС академиясы, 2014. - 877 б.

Қазақстан Республикасындағы өрт қауіптерін талдау және бағалау. Монография / К.Ж. Рамбеков, А.Б. Құсайынов - Көкшетау: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі КСК Көкшетау техникалық институты, 2016 ж. - 67 б.